

Талғар ауданы бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 12-874 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 28 қаңтарда N 2-18-123 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы N 05-311 қаулысымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық әкімдігінің 20.05.2013 N 05-311 қаулысымен .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесі негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар ұсыныс пен сұранысқа сай айқындалып, жұмыссыз азаматтар үшін уақытша жұмыс орнын құру жолымен ұйымдастырылсын .

2. Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі қосымшаға сай бекітілсін.

3. Талғар ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 29 ақпандағы N 02-381 "Талғар ауданы бойынша 2008-2010 жылдары істелетін қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі, оларды қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыс істейтін мекемелердің тізбесін бекіту туралы" (Талғар ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 14 сәуірдегі 2-18-63 нөмірімен нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, 2008 жылдың 17 мамырда "Талғар" газетінің N 23 санында жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Райхан Нұрмұрзақызы Садыковаға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талғар

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

31

желтоқсандағы

N 12-874

"Талғар

ауданы

бойынша

ақылы

қоғамдық

жұмыстарды

ұйымдастыру

туралы" қаулысымен бекітілген қосымша

Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі

N	Ұйымдардың тізбелері	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін	Қаржыландыру көзі
1	Алатау ауылдық округі	Ауыл аймағын тазарту; жол құрылысы, су құбырларын жөндеу;			
2	Белбұлақ ауылдық округі	ауыл мекендерді суландыру;			
3	Бесағаш ауылдық округі	Тарихи сәулеттік ескерткіштерді қорықтық аумақтарды қалпына келтіруге көмектесу;			
4	Бесқайнар ауылдық округі	Көгалдандыру жұмыстарын жүргізу (ағаштарды кесу, көшеттер отырғызу және оларды күту);	Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздарға		
5	Қайнар ауылдық округі	Данқ алып ескерткіштерді қарауға және калпына келтіруге, соғысқа қатысқандарға көмектесу (аула тазалау, әктеу, жинастыру);	әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдардың		
6	Кеңдала ауылдық округі	Ауқымды мәдени, спорт шараларын ұйымдастыруға көмек беру;	уақытша жұмысқа орналастыру; қоғамдық жұмыс толық емес жұмыс күні	Қазақстан Республикасының заңында	

7	Көктөбе ауылдық округі	Су жүйелерін тазарту;	жағдайында және икемді кесте бойынша жасау (5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 күн демалыс белгіленуі);	белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Жергілікті бюджет
8	Гүлдала ауылдық округі	Архивтік құжаттарды келтіруге көрсету шаруашылық кітаптарды жұмыстарына көмектесу;	қалпына көмек және жаңарту	толық емес жұмыс уақыты режимімен (5-6 сағат); жұмыс орнының жұмыс жасауға ыңғайлы болуы; еңбек ақының уақтылы төленуі тағы да басқа қоғамдық жұмыстардың көлемі мен нақты жағдайлары келісім-шартта анықталады.	
9	Ұра ауылдық округі	Рухына айлығы зираттарды, күтімсіз бейіттерді келтіру);	бағыштау (ескі қалған қалпына		
10	Панфилов ауылдық округі	Шақыру учаскелеріне тіркелуге әскерге нақанына көмектесу(шақыру қағаздарын тарату);	және шақыру		
11	Тұздыбастау ауылдық округі	Экологиялық тазарту, көшелерді көгалдандыру;			
12	"Тазар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Мәдени шараларын өткізуге көмек;			
13	Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі мемлекеттік мекеме	Мәдени және спорттық мақсаттағы іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыру;	және ауқымды		
14	Талғар қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі	Шақыру учаскелеріне тіркелуге әскерге шақыру көмектесу(шақыру қағаздарын тарату);	және науқанына	Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын	

15	Облыстық мемлекеттік мұрағат	Мұрағат қалпына көмектесу;	құжаттарды келтіруге	пайдаланбай, жұмыссыздарға әдейі арналған; толық емес жұмыс		
16	Талғар аудандық кітапхана	Кітаптарды жұмыстарына қатысу, түптеу, келтіруге көмектесу;	жаңарту оларды қалпына	уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдардың		
17	Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи бағы	Экологиялық жағдайды санитарлық тазалау; "Маралсай" саяхатшылық тазарту, көгалдандыру жұмыстары;	жақсарту, жерін	уақытша жұмысқа орналастыру; қоғамдық жұмыс толық емес күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау (5 күндік толық, емес жұмыс күні, 2 күн демалыс белгіленуі); толық емес жұмыс уақыты режимімен (5-6 сағат); жұмыс орнының жұмыс жасауға ыңғайлы болуы; еңбек ақының уақтылы төленуі тағы да басқа қоғамдық жұмыстардың көлемі мен нақты жағдайлары келісім-шартта анықталады.	Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Жергілікті бюджет
18	Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Алматы облыстық филиалының Талғар аудандық бөлімшесі	Зейнеткерлерге, көп балалы аналарға зейнетақы әлеуметтік көрсетуге құжаттарды толтыруға көмектесу; Мемлекеттік зейнетақы орталығында зейнетақы қорларымен салыстыру көмек көрсету; Хат-хабарларды жеткізу;	балалы және көмек қажетті жинап, төлеу жүргізуге көрсету;			
19	Талғар аудандық сайлау учаскесі	Ақпарат орталықтарындағы сайлау науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көрсету;	көмек			
20	Аудандық мәдениет үйі	Ауқымды спорт ұйымдастыру жұмыстарына жәрдемдесу;	мәдени, шараларын			

